

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы төлеушілер, сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 4 сәуірде № 18466 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Қаржы министрінің 09.10.2025 № 586 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 603-бабының 3-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы төлеушілер, сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәліметтің нысаны бекітілсін.

2. "Төлемақы төлеушілер, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, рұқсат құжаттарының бар (жоқ) екендігі туралы мәліметтің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 26 наурыздағы № 403 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16703 болып тіркелген, 2018 жылғы 5 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкісінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (М.Е. Сұлтанғазиев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 11 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Ә. Смайылов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
Бірінші орынбасары –
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2019 жылғы 28 наурыздағы
№ 271 бұйрығымен
бекітілген
нысан

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы төлеушілер, төлемақы сомалары, сыртқы (көрнекі) жарнаманың орналастырылу кезеңі мен орны, хабарламаның жіберілгені (жіберілмегені) туралы мәлімет

Есепті кезең 20__ жылдың _____ айы.

Кезеңділік: ай сайын.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Жергілікті атқарушы органдар.

Қайда ұсынылады: сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырылған жер бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына.

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірілмей.

Жалпы мәліметтер								
			Сыртқы (көрнекі) жарнама орналаст					

№	Төлеушінің атауы (тегі аты әкесінің аты болған кезде), заңды мекенжайы дара кәсіпкер орналасқан жері (тұрғылықты жері)*	Төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмірі / бизнес сәйкестендіру нөмірі*	Төлеушінің санаты (жеке тұлға, дара кәсіпкер, заңды тұлға (заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі), мемлекеттік орган)	ырылған туралы хабарлама берілген күн/бұзушылықтар туралы хаттамамен нөмірі және күні, фото немесе бейне растау күні (болған кезде)	Сыртқы (көрнекі) жарнама орналастыру орны*	Жолдардың маңыздылығы (республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық аудандық маңызы бар, ауыл, кент)	Автокөлік жолдарының санаты, нөмірі (болған кезде)	Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің түрлері	Орналасырылған сыртқы (көрнекі) жарнама ның саны
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Жалпы мәліметтер											
Сыртқы (көрнекі) жарнама түрінің бір жағының алаңы	Хабарламаға сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын кезеңі (ай)	Сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын кезеңі (ай)	Төлемақы мөлшерлемесі, айлық есептік көрсеткіш	Есепті жылда (ай) сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын мерзімі	Сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын үшін ай сайынғы төлемақы мөлшері*, теңге	Бірінші айға төлемақы сомасын төлеу туралы мәлімет		Хабарламалар берілген (болған кезде) сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын фактісі анықталған күні	Сыртқы (көрнекі) жарнама қайта монтаждау туралы нұсқамның берілген күні (болған кезде)	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруды тоқтату туралы мәліметтер (болған жағдайда)	
						Төлемақы сомасы, теңге	Төлем құжатының нөмірі мен күні			Сыртқы (көрнекі) жарнама орналасатын фактісі анықталған күні	Есепті жылда азайтуға жататын төлемақы сомасы, теңге
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

(Бірінші басшының не лауазымды тұлғаның міндетін атқарушының тегі аты әкесінің аты (болған кезде)

(қолы, МО)

(қолы)

(Мәліметті жасауға жауапты қызметкердің тегі аты
әкесінің аты (болған кезде)

Мәліметтердің жасалған күні 20__ жылғы " __ " __

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК